



БҰЙРЫҚ  
« 14 » 08 20 22 ж.

ПРИКАЗ  
№ 64

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

**Мектеп-интернатта  
педагогикалық-психологиялық  
қолдап отыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушының немесе сыныптағы оқушылардың оқуы және мінез-құлқындағы ауытқулардың себептері мен ерекшеліктерін анықтау және олардың ауытқуларына түзету мен тәрбиелік шаралар бағдарламасын жасау, қиын және конфликтілік жағдайларды шешуге кеңесу үшін педагогикалық-психологиялық қолдау қызметі құрылсын.

2. Педагогикалық-психологиялық қолдап отыру комиссиясы төмендегі құрамда құрылсын:

**Комиссия төрайымы:**


Ж.Илиясова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

**Мүшелері:**

1. Б.Алменбетова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. А.Елдесбаева – педагог-психолог;
3. Сынып жетекшілері (ұсынылған тәрбиеленушіге сәйкес);
4. А.Даубаева – педагог-логопед;
5. И.Есім – педагог-дефектолог;
6. Н.Нурпеисов – психиатр-дәрігер;
7. А.Кайранбаева – педиатр-дәрігер;
8. Ж.Калмаханова – әлеуметтік-педагог;
9. А.Туйменова – аяжан.

3. Мектеп-интернаттың педагогикалық-психологиялық қолдау қызметі жоспарын жасау және ұйымдастыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Илиясова жүктелсін.

Мектеп-интернат директоры



П.Жуматова



7	Балаға қажетті психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың көлемі мен мазмұнын анықтау	Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру комиссиясы	Оқу жылы ішінде бірнеше рет арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау жүргізіліп отыр
8	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру мен сапасына, оқу үдерісіне, қатысушылардың мінез-құлық мәдениетіне негізделген қауіпсіз және психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз ету, ЕББҚ-бар балалар туралы жеке ақпараттар құпиялылығын сақтау	Әкімшілік	Қауіпсіз және психологиялық жайлы орта қалыптастырылған. Ақпараттар құпиялылығы сақталған

**№7 арнайы түзету мектеп интернаты бойынша  
психологиялық - педагогикалық Қолдау хаттамасы №1**

Қатысуға тиісті -  
Қатысқаны –

19 қыркүйек 2022 ж

**Күн тәртібінде:**

- 1 Психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметінің құрамын бекіту, мақсаты, міндеттері, бағыттары және оны жүзеге асыру формалары.
- 2 Мектепке қабылданған оқушылармен бастапқы диагностикалық жұмыстар.

**Тыңдалды:**

**Бірінші мәселе бойынша** сөз алған №7 арнайы түзету мектеп-интернат директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Илиясова психологиялық-педагогикалық Қолдау қызметі білім беру ұйымындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды дамыту мен оқытудағы мәселелерді шешу және ерекшеліктерін зерттеуге кешенді ықпалды қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен білім беру процесінің қатысушыларының өзара әрекеттесуінің тұрақты қызмет ететін формасы болып табылады. Қолдау қызметі өз әрекетін білім беру ұйымының ішінде ғана жүзеге асырады. Қолдау қызметі әрекетінің мақсаты ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, әлеуметтік және педагогикалық қауіп тобындағы балалар мен жасөспірімдер, оқыту мен мінез-құлығында қиындықтары бар балаларға олардың жас және мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау болып табылатынын. Қолдау қызметінің міндеттері диагностикалық – консультациялық және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау барысында іске асырылатын әдістемелік қолдау екенін және психологиялық - педагогикалық Қолдау мүшелерінің құрамы келесі құрамда бекітілгенін айтып өтті:

1. Илиясова Жайдар Икрамовна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ,  
комиссия төрайымы;
2. Алменбетова Бейбіт Әлімжанқызы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,  
комиссия мүшесі;
3. Елдесбаева Ақмарал – педагог-психолог, комиссия мүшесі;
4. Қалмаханова Жанар – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
5. Даубаева Айнұр - Логопед, комиссия мүшесі;
6. Есім Инабат – дефектолог, комиссия мүшесі;
7. Нурпеисов Нұрлан – дәрігер-психиатр, комиссия мүшесі;
8. Қайранбаева Айжан – дәрігер-педиатр, комиссия мүшесі;
9. Түйменова Айгүл – аяжан, комиссия мүшесі;

**Екінші мәселе бойынша** сөз алған мектеп-интернат психологы А.Елдесбаева: -

Мектеп-интернатқа оқушылар қабылданған күнінен бастап 2 апта мерзім оқушыны диагностикалау бағыты бойынша жұмыс жасауға арналады. Диагностикалау жұмыстары: ауызша, жазбаша, суретпен жұмыс және таратпа карточкалары, бланктар, тест сынамалары арқылы жүргізіледі. Барлық сыныптағы оқушылардың жазу, сызу дағдыларының қалыптаспауына байланысты тест тапсырмалары көбіне проективті тесттер қолданылады.

Диагностикалау негізінде «Оқушыны алғашқы бақылау, интеллектуалды деңгейін анықтау картасына» баланың деңгейі анықталып толтырылады.

Биылғы оқу жылында қабылданған 1 сынып бойынша «Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу» Керн-Ийерасектің әдістемесі алынды.

Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша:

1 «а» сыныбы 7 оқушы

3-орта ұпай; 4-ортадан төмен ұпай.

1 «б» сыныбы 3 оқушы

1-орта ұпай; 2-ортадан төмен ұпай.

Әдістеме алу барысында оқушылардың таным процестерінің дамуында, тапсырманы түсіну, қаламды ұстау дағдысында қалыстық бар екенін көрсетті.

Басқа сыныптарға қабылданған 6 оқушымен «**Корректуралық сынақ**» сынамасы алынды.

**Мақсаты:** Зейін көлемі мен тұрақтылығын, жұмыс істеу қабілетінің дәрежесін зерттеу. Кез келген ретпен орналасқан фигуралар, әріптер т.б. қатары орналасқан арнайы бланк пайдаланады. Әр сыныпқа пішіндер саны өзгертіледі. (Жас ерекшелігіне байланысты)

Сынақ бойынша оқушылар төмендегі нәтижені көрсетті.

Жоғарғы деңгей-2оқушы

Ортадан жоғары-2

Орташа-2

Төмен-0

**«Сұрақнама»** тесті алынды.

**Мақсаты:** Сөздік-логикалық ойлауын бағалау.

Қажетті құрал: 10 сұрақтан тұратын жиынтық. Әр сыныпқа сұрақтар мазмұны өзгертіледі.

Интерпритация: әрбір толық жауапқа – 2балл, толық емес жауапқа -1 балл, дұрыс емес жауапқа – 0 балл.

Жоғарғы балл -2оқушы, Ортадан жоғары-2,Орташа-3,Төмен-0.

I тоқсан бойынша жаңадан келген оқушылармен жүргізілген диагностикалық жұмыстар даму кемістігі бар балалардың танымдық және еріктік –көңіл күй сферасындағы психикалық даму ерекшеліктерін білу, жағымды оқу мотивациясын қалыптастыру мәселелерін айқындауға мүмкіндік беретінін айтып өтті.










**Осы мәселені тыңдай және талқылай келе психологиялық - педагогикалық  
Қолдау қызметі қаулы етеді:**

1. №7 арнайы түзету мектеп интернаты бойынша психологиялық - педагогикалық Қолдау қызметінің мүшелері «Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы ережені» басшылыққа алып жұмыс жасалсын.
2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі комиссиясының төрайымы Ж.Илиясова, хатшысы Ж.Калмаханова, мүшелері Б.Алменбетова, А.Елдесбаева, Ж.Калмаханова, А.Даубаева, И.Есім, Н.Нурпеисов, А.Қайранбаева, А.Түйменова болып бекітілсін.

**Психологиялық - педагогикалық Қолдау төрайымы**

**Психологиялық - педагогикалық Қолдау мүшелері**

**Хатшысы**

 **Ж.Илиясова**  
 **Б.Алменбетова**  
 **Ж.Калмаханова**  
 **А.Елдесбаева**  
 **А.Даубаева**  
 **И.Есім**  
 **Н.Нурпеисов**  
 **А.Қайранбаева**  
 **А.Түйменова**  
 **Ж.Калмаханова**

**№7 арнайы түзету мектеп интернаты бойынша  
психологиялық - педагогикалық Қолдау хаттамасы №2**

Қатысуға тиісті - 15

Қатысқаны – 15

17 қараша 2023ж

**Күн тәртібінде:**

1. Орташа ақыл ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мамандармен бірлесіп зерттеу, зерттеу қорытындысы бойынша жеке түзете дамыту бағдарламасын жүзеге асыру.

2.1 сынып оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін, психофизиологиялық дамуын, мінез құлқымен үлгеріміне талдау жасау. (диагностикалық мәліметтерді жинақтау)

**Тыңдалды:** бірінші мәселе бойынша сөз алды: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Илиясова: Оқу бағдарламасында мұғалім білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламасын құруда басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі қалыптастырылған. Орташа ақыл ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бағдарламаның мазмұны ұсыным түрінде болады, педагог сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндігі меноның білім алуудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаның мазмұны мен оқыту барысында қажет өзгерістерді енгізе алады. Әр білім алушының деңгейіне сәйкес осы бағдарламаға сүйене отырып, жеке түзете дамыту бағдарламасын мұғалім өзі жасақтайды. Жеке түзете дамыту бағдарламасы бірінші жарты жылдыққа жасалыну қажет. Бірінші жарты жылдықта жоспарланған нақты мақсаттарды толық игере алмаса, екінші жарты жылдыққа білім маршрутын қайта қарап, игермеген тақырыптарды қосып оқыту жоспарлану қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша 1 «а» сынып жетекшісі Қ.Уалиева сөз алды:

**Абдуғали Жансель** 2014 жылдың 16 шілдесінде дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Дауна, интеллектінің жеңіл деңгейдегі бұзылысы.Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады.Жансель толық отбасында тәрбиеленуде.Жансель- баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Көңіл- күйі тұрақсыз. Күліп тұрып қырсыға салады. Одан сабақ сұраған кезде, ол баяу орнынан тұрып, азғана үндемей тұрады да, сұраққа ыммен немесе қолымен көрсетеді. Жансель жақсы дос,ашық және көмектесуге дайын тұрады. Бірақ өз дегені болу керек. Лидер. Жәймен өз айтқанын істетеді.

Жансельдің оқу үлгірімі орташа. Өткен әріптерді танымайды. Қайталатып айтқанда да тілі келмейді. Әріптерді өте ұқыпты үстінен басып жазады. Бірақ өз бетінше жаза алмайды. Дөңгелек,шаршы,үшбұрыш пішіндерді біледі, атауын айта алмайды, бірақ мұғалімнің көмегімен дұрыс көрсетеді,берілген тапсырманы өз бетінше талапқа сай орындай алмайды. Суретпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасып келе жатыр,суреттегі бейнені қайталап айтады,айта алмаса көрсетеді. Отбасы мүшелерін, киім түрлерін, жабайы аңдар атауларын мұғалім көмегімен көрсетеді,бір-бірінен ажырата алады, сәйкестендіреді.

Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі түсініксіз. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

**Бекалы Зере** 2015 жылдың 9 шілдесінде дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: интеллектінің жеңіл деңгейдегі бұзылысы. ЖСТ-3 деңгей Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады. Зере толық отбасында тәрбиеленуде.

Зере- Өте баяу жүреді, сөйлегенде жәй жауап береді. Қалыпты қоршаған ортада өзін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Зере өте сезімтал, реніші бар екенін ешкімге көрсетпейді. Ол тұйық, ұялшақ, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Қазіргі таңда оқушылармен үйренісіп, сабаққа деген қызығушылығы, эмоция сезімі, қабылдауы арта түсуде. Сабақ айтып тұрған кезде қызарып кетеді, сабақты біліп тұрса да сасқалақтап жауап бере алмай қалады. Істегісі келмейтін жұмыспен айналысса, тез шаршап кетеді. Достарына көмектесуді ұнатады.

Зеренің оқу үлгірімі жақсы. Өткен әріптерді біледі. Қайталатып айтқанда жәй, баяу айтады. Әріптерді өте ұқыпты үстінен басып жазады. Бірақ өз бетінше жаза алмайды. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерді біледі, мұғалімнің көмегімен атайды, дұрыс көрсетеді, берілген тапсырманы өз бетінше талапқа сай орындайды. Суретпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасқан, суреттегі бейнені қайталап айтады, көрсетеді. Отбасы мүшелерін, киім түрлерін, жабайы аңдар атауларын атайды, бір-бірінен ажырата алады, сәйкестендіреді.

Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі жәй баяу. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

**Дербесәлі Мансұр** 2015 жылдың 16 қаңтарда дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Интеллектінің жеңіл деңгейдегі қалыстығы.

Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады. Мансұр толық отбасында тәрбиеленуде.

Мансұр- Өте баяу жүреді, жәй сөйлейді. Бірақ қалыпты қоршаған ортада өзін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Әңгіме айтқанды жақсы көреді. Адамдармен қарым-қатынасы бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, орынсыз сөйлемейді, ұрыс- керістен аулақ жүреді, оны әртүрлі қиыншылықтар тепе-теңдігінен шығармайды. Көңіл- күйі тұрақты. Оқушылармен тез тіл табысып, сабаққа деген қызығушылығы, эмоция сезімі, қабылдауы арта түсуде. Сабақ айтып тұрған кезде, сабақты біліп тұрса да сасқалақтап жауап бере алмай қалады. Достарына көмектесуді ұнатады.

Мансұрдың оқу үлгірімі жақсы. Өткен әріптерді біледі. Қайталатып айтқанда жәй, баяу айтады. Әріптерді өте ұқыпты үстінен басып жазады. Кей әріптерді, сандарды өз бетінше жаза алады. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерді біледі, мұғалімнің көмегімен атайды, дұрыс көрсетеді, берілген тапсырманы өз бетінше талапқа сай орындайды. Суретпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасқан, суреттегі бейнені қайталап айтады, көрсетеді. Отбасы мүшелерін, киім түрлерін, жабайы аңдар атауларын атайды, бір-бірінен ажырата алады, сәйкестендіреді.

Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі жәй баяу және тұтықпасы бар . Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

**Келісқызы Аруна** 2014 жылдың 19 маусымда дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Коммуникативтік эмоционалды ерік жігерінің бұзылысы. Интеллектінің жеңіл деңгейдегі бұзылысы. Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады. Аруна толық отбасында тәрбиеленуде. Аруна- психикалық процесстер өте баяу жүреді, сөйлемейді, айтқан сөздерді қайталайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада өзін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Оқушылармен сөйлеспейді. Өз бетінше отқанды жақсы көреді. Түсініксіз сөздер айтып отырады. Көңіл- күйі тұрақсыз. Аяқ астынан айқайлап жіберуі де мүмкін. Сабаққа деген қызығушылығы, қабылдауы баяу.

Арунаның оқу үлгірімі төмен. Өткен әріптерді танымайды. Қайталатып айтқанда жәй, баяу айтады. Әріптерді өте ұқыпты үстінен басып жазады. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерді білмейді, мұғалімнің көмегімен атайды, көрсетеді, берілген тапсырманы өз бетінше талапқа сай орындай алмайды. Суреттегі бейнені қайталап айтады, көрсетеді. Отбасы мүшелерін, киім түрлерін, жабайы аңдар атауларын атай алмайды. Мұғалім айтқанын қайталайды. Бірақ суреттегі бейнелерді көлеңкесімен сәйкестендіреді, орнын таба алады.

Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі мұғалім айтқанын қайталайды, сөйлемейді. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

**Маратқызы Жансая** 2014 жылдың 9 қазанда дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Дауна. Интелектінің жеңіл деңгейдегі бұзылысы. ЖСТ-1 деңгей. Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады.

Жансая- психикалық процесстер өте баяу жүреді, сөйлемейді, айтқан сөздерді қайталай алмайды. Қалыпты қоршаған ортада өзін ұстай алмайды, іс-әрекеттерді орындай алмайды. Оқушылармен сөйлеспейді. Өз бетінше отырады, арасында орнынан тұрып жүріп кетеді. Түсініксіз дыбыстар шығарып, тісін қайрап отырады. Көңіл- күйі тұрақсыз. Аяқ астынан тоқтаусыз күле береді. Сабаққа деген қызығушылығы жоқ, қабылдамайды.

Жансаяның оқу үлгірімі төмен. Өткен әріптерді танымайды. Қайталатып айтқанда мән бермей, басқа жақа қарап тұрады. Әріптерді жаза алмайды. Қолынан ұстап жаздырамын. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерді білмейді, мұғалімнің көмегімен де, берілген тапсырманы өз бетінше талапқа сай орындай алмайды. Суреттегі бейнені, отбасы мүшелерін, киім түрлерін, жабайы аңдар атауларын атай алмайды. Мұғалім айтқанын қайталай да алмайды.

Өз-өзіне қызмет жасай алмайды. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақсыз. Қол-саусақтары әлсіз. Сөйлеу тілі дамымаған, сөйлемейді. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

**Нұрыслам Айзере** 2014 жылдың 17 сәуірде дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Дауна, Интелектінің жеңіл деңгейдегі қалыстығы. ЖСТ-2 деңгей. Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады. Айзере толық отбасында тәрбиеленуде. Жансель- өте шапшаңдығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, тез жалығып, тастап кетеді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Сондықтан Айзере болған жерде ұрыстар жиі болады. Көңіл- күйі тұрақсыз. Күліп тұрып қырсыға салады. Ол өте ұстамсыз, өте қарапайым қиыншылықтар үшін күйіп-піседі, мұғалімдер мен оқушыларға айқайлап сөйлейді.

Айзеренің оқу үлгірімі орташа. Өткен әріптерді барлығын танымайды. Қайталатып айтқанда да тілі келмейді. Әріптерді ұқыпсыз үстінен басып жазады. Бірақ өз бетінше жаза алмайды.

Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерді біледі, атауын айта алмайды, бірақ мұғалімнің көмегімен дұрыс көрсетеді, берілген тапсырманы өз бетінше талапқа сай орындай алмайды. Суретпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасып келе жатыр, суреттегі бейнені қайталап айтады, айта алмаса көрсетеді. Отбасы мүшелерін, киім түрлерін, жабайы аңдар атауларын мұғалім көмегімен көрсетеді, бір-бірінен ажырата алады, сәйкестендіреді.

Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі түсініксіз. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

№7 арнайы түзету мектеп-интернат психологы А.Елдесбаева сөз алып бірінші сыныпқа қабылданған оқушылар жайлы бірінші тоқсан аяқталғаннан кейінгі оқушылардың психологиялық жағдайы өзгерістер жайында тоқталып өтті.

I тоқсан бойынша жаңадан келген оқушылармен жүргізілген диагностикалық жұмыстар даму кемістігі бар балалардың танымдық және еріктік –көңіл күй сферасындағы психикалық даму ерекшеліктерін білу, жағымды оқу мотивациясын қалыптастыру мәселелерін айқындауға мүмкіндік беретінін айтып өтті.

**Осы мәселені тыңдай және талқылай келе психологиялық - педагогикалық қолдау қызметі қаулы етеді:**

Орташа ақыл ой кемістігі бар білім алушылармен оқытылатын сыныптарда зерттеу қорытындысы бойынша жеке түзете дамыту бағдарламасын жасау осы сыныпқа сабақ беретін сынып жетекшілерімен пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

I сынып оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін, психофизиологиялық дамуын, мінез құлқымен үлгеріміне талдау жасау жұмысы әрі қарай жандандырылсын.

**Психологиялық - педагогикалық Қолдау төрайымы**

**Ж.Илиясова**

**Психологиялық - педагогикалық Қолдау мүшелері**

**Б.Алменбетова**

**Ж.Қалмаханова**

**А.Елдесбаева**

**А.Даубаева**

**И.Есім**

**Н.Нурпеисов**

**А.Қайранбаева**

**А.Түйменова**

**Хатшысы**

**Ж.Калмаханова**

**№7 арнайы түзету мектеп интернаты бойынша  
психологиялық - педагогикалық Қолдау хаттамасы №3**

Қатысуға тиісті - 15

Қатысқаны – 15

9 наурыз 2023ж

**Күн тәртібінде:**

1.5 сынып оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін 5сынып оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін, психофизиологиялық дамуын, мінез құлқымен үлгерімін талдау.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 5 «а» сынып жетекшісі А. Шерімбетова сөз алды:

**Тойжан Бағымжан** 2012 жылдың 28 наурызында дүниеге келді. Диагнозы: интеллектінің жеңіл деңгейдегі бұзылысы. Бағымжан өз іс әрекетіне жауап бере алмайды. Сабақ барысында бір орында ұзақ отыра алмайды, есікке қарай жүгіре жөнеледі. Сабақ барысында басқа балаларға кедергі келтіріп отырады.

Өз-өзіне қызмет жасай алмайды. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сөйлеу тілі түсініксіз. Логопед, түзету сабақтарына қатысады. Есте сақтау қабілеттерінің дамуы төмен деңгейде, өз өзіне қызмет көрсету дағдылары қалыптаспаған.

**Бисембаев Ақжол** 2010 жылдың 2 ақпанында дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: интеллектінің жеңіл деңгейдегі бұзылысы. Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмектесіп отырады. Ақжол ата анасының қамқорлығынсыз қалған отбасында тәрбиеленуде.

Зере- Өте баяу жүреді, сөйлегенде жәй жауап береді. Қалыпты қоршаған ортада өзін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Ол тұйық, ұялшақ, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Қазіргі таңда оқушылармен үйренісіп, сабаққа деген қызығушылығы, эмоция сезімі, қабылдауы арта түсуде. Жеке пәндерде математика сабағын жақсы көреді сабаққа жақсы қатысады.

Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі жәй баяу. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

**Мұхамедияр Аяулым** 2010 жылдың 9 шілдеде дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Синдром дауна. Интеллектінің жеңіл деңгейі. Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмектесіп отырады. Аяулым толық отбасында тәрбиеленуде.

Өте баяу жүреді, жәй сөйлейді. Аяулым баяу байсалды, асықпайды. Есті ойланып, төзімділікпен жасайды. Өзгерістерді ұнатпайды. Көңіл күйі тұрақсыз. Күліп тұрып қырсыға салады. Сабақ сұраған кезде, сәл ойланып жай дауыспен жауап береді. Аяулымның сабақ үлгерімі орташа, 10 ға дейінгі сандарды таниды, дыбыстайды.

Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты.

**Жұмаш Жұмакул** 2020 жылдың 20 мамырда дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Интеллектінің жеңіл деңгейдегі бұзылысы. Жұмакул ата анасының қамқорлығынсыз қалған отбасында тәрбиеленуде.

Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмектесіп отырады. Психикалық процестері тұрақты. Қалыпты қоршаған ортада өзін өзі ұстай алады, іс әрекеттерді жақсы орындайды. Адамдармен қарым қатынасы бірқалыпты, керек жерде

тіл табысады. Көңіл күйі тұрақты, оқушылармен тез тіл табысып, сабаққа деген қызығушылығы тез арта түседі. Жұмакулдің оқу үлгерімі жақсы, оқи алады, санайды. Берілген тапсырманы өз бетінше талапқа сай орындайды. Бос уақытында ән айтқанды жақсы көреді. Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты.

**Сұлтанбек Мұхамедали** 2010 жылдың 24 қарашада дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Дауна. Интелектінің жеңіл деңгейдегі бұзылысы. Мұхамедали баяу, байсалды, асықпайды, жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Қалыпты қоршаған ортада өзін жақсы ұстап, іс әрекеттерді жақсы орындайды. Достарына көмектескісі келіп тұрады, мейірімді ақкөңіл. Сабақ барысында сыныптастарынан бұрын сабақты орындағанды жақсы көреді. Математикадан 50 ге дейінгі сандарды санайды. Берілген тапсырманы өз бетінше жазады.

**Саматұлы Нұрмұхамед** 2010 жылдың 9 қарашада дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Интелектінің жеңіл деңгейі. Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады. Айзере толық отбасында тәрбиеленуде. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, тез жалығып, тастап кетеді. Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі түсініксіз. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

**Жұмаділ Нұрдаулет** 2009 жылдың 10 қаңтарда дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Интелектінің жеңіл деңгейі. Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, тез жалығып, тастап кетеді. Өз-өзіне қызмет жасай алады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі түсініксіз. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

**Байзақ Мейіржан** 2010 жылдың 22 қазанда дүниеге келді. Дене дамуы қалыпты өзінің жасына сай, денсаулығы жақсы. Диагнозы: Интелектінің жеңіл деңгейі. Отбасында ата анасы баланың үйлесімді дамуына, оның денсаулығына және оқуына әрдайым көмекесіп отырады. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, тез жалығып, тастап кетеді. Өз-өзіне қызмет жасай алады. Сабақтарға қатысуы жақсы, тез орындап шығуға тырысады. Математика сабағынан 100 ге дейінгі санауды біледі, жазуды баспа түрінде жазады. Есту, көру қабілеттері дамыған. Зейіні тұрақты. Сенсорлық-моторлық дамуы қалыпты. Сөйлеу тілі түсініксіз. Логопед, түзету сабақтарына қатысады.

№7 арнайы түзету мектеп-интернат психологы А.Елдесбаева сөз алып бесінші сынып оқушылар жайлы бірінші тоқсан аяқталғаннан кейінгі оқушылардың психологиялық жағдайы өзгерістер жайында тоқталып өтті.

I тоқсан бойынша жанадан келген оқушылармен жүргізілген диагностикалық жұмыстар даму кемістігі бар балалардың танымдық және еріктік –көңіл күй сферасындағы психикалық даму ерекшеліктерін білу, жағымды оқу мотивациясын қалыптастыру мәселелерін айқындауға мүмкіндік беретінін айтып өтті.

**Осы мәселені тыңдай және талқылай келе психологиялық - педагогикалық қолдау қызметі қаулы етеді:**

5 сынып оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін, психофизиологиялық дамуын, мінез құлқымен үлгеріміне талдау жасау жұмысы әрі қарай жандандырылсын.